КОПИЯ/КӨШІРМЕ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М
(қысқаша шешім)

2026 жылғы 28 сәуір №7119-26-00-2/3806 Астана қаласы

Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты судьясы А.Ч.Абенова азаматтық істі оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қарап,

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«ҚР Президенті Іс Басқармасының Автошаруашылығы» РМК

ЖАУАПКЕР:
ЖК «SUNRISE» атынан Кулумбетова Гульден Буркитовна

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
1. мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану
2. тұрақсыздық айыбын өндіру туралы

ҚАРАР БӨЛІГІ:

Сот АПК-нің 267-4, 223-226 басшылыққа ала отырып

ШЕШТІ:

Талап қоюшы «ҚР Президенті Іс Басқармасының Автошаруашылығы» РМК-нің жауапкер ЖК «SUNRISE» атынан Кулумбетова Гульден Буркитовнаны мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану және тұрақсыздық айыбын өндіру туралы талап қоюы - қанағаттандырылсын.

ЖК «SUNRISE» атынан Кулумбетова Гульден Буркитовна мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

ЖК «SUNRISE» атынан Кулумбетова Гульден Буркитовнадан «ҚР Президенті Іс Басқармасының Автошаруашылығы» РМК-нің пайдасына 11 100 (он бір мың бір жүз) теңге мөлшерінде тұрақсыздық айыбы және 956 (тоғыз жүз елу алты) теңге мөлшерінде мемлекеттік баж өндірілсін.

ЖК «SUNRISE» атынан Кулумбетова Гульден Буркитовнадан мемлекет кірісіне 2 163 (екі мың бір жүз алпыс үш) теңге мөлшерінде мемлекеттік баж өндірілсін.

Жауапкер қысқартылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмесін алған күннен бастап бес жұмыс

Құжатқа қол қойылған: Абенова А. Ч., 28.04.2026
Заңды күшіне енген күні: 09.06.2026, судья Абенова А. Ч., 09.06.2026

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы. Арыз, егер жауапкер талап арызды алғаны және оның оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралғаны туралы тиісінше хабардар етілмесе және жауап бере алмаса, сондай-ақ шешімнің мазмұнына әсер етуі мүмкін дәлелдемелер болса беріледі.

Шешімге тараптар АПК-нің 403, 404-баптарының талаптарын ескере отырып, апелляциялық шағым беруге және осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілген болса, сот ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзімде апелляциялық шағым, наразылық беруі мүмкін.

Судья **А.Ч.Абенова**

Құжатқа қол қойылған: Абенова А. Ч., 28.04.2026

Заңды күшіне енген күні: 09.06.2026, судья Абенова А. Ч., 09.06.2026

7119-26-3-1/3520